

**Кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 шілдедегі № 847 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 8-бабының 17) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидасы **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

№

8 4 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидасы 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 8-бабының 17) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағида кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзу тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағида порттар мен олардың акваториялары аумақтарында қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ порттарға кіретін және олардан шығатын, порт акваториясы шегінде жүзетін және тұратын кемелерге қ о л д а н ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының порттарына шетел кемелерінің кіруі және оларға қызмет көрсету халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

## **2. Кемелердің портқа кіру және олардың порттан шығу тәртібі**

### **§ 1. Кеменің жақын келуі туралы ақпарат**

4. Кеменің межелі портқа жақындауы туралы ақпаратты кеме капитаны Қазақстан Республикасының портына келу кезінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – Аумақтық бөлімше) береді.

5. Жақындау туралы ақпарат 12 сағат бұрын хабарланады және жақындауға дейін 4 сағат қалғанда нақтыланады. Отудің ұзақтығы кемінде 12 сағат болғанда – кеменің жөнелту портынан шыққанынан кейін 2 сағат шегінде. Балық аулау кәсіптік флоты кемелерінің капитандары кәсіпті бітіру уақытын, сондай-ақ портқа жақындау уақытын 12 сағаттан кешіктірмей хабарлайды.

6. Кеме капитаны жақындау туралы ақпаратта мынадай деректерді:

1) кеменің атауын, оның туын, иесінің атауын;  
2) жөнелту портын (соңғы кіру порты, кәсіп жасау ауданы, бұрғылау қ о н д ы р ғ ы с ы ) ;

3) кеменің ең үлкен ұзындығын;

4) алдыңғы және артқы жағымен кеменің шөгуін;

5) ж о л а у ш ы л а р с а н ы н ;

6) жүк атауын, жүктің ерекше қасиеттерін, фумигант атауын (егер жүк кемдеде фумингацияда болса), жүктің санын (массасын), жүктің кемде: палубада, твиндекте, трюмдар бойынша (тура өтпелі трюмдар болған кезде - әрбір люк бойынша) орналасуын, ұзын өлшемді жүктің бір орнының ұзындығы мен ауыр салмақты жүктің массасын (3 тоннадан астам), сондай-ақ жүк түсіруге бара жатқан танкер үшін – айлақ алдындағы балласт массасы мен балластан босату уақытын, бұрын әкелген жүктің атауын;

7) жүк алушылардың атауын;

8) бункерге, тұщы суға, жабдықтарға қажеттілігін;

9) қосымша техникалық және жөндеу операцияларын орындау қажеттілігін хабарлайды, сондай-ақ қажет болған кезде:

льялды, балластық, шаруашылық-фекальды ағын суларын тапсыру үшін баржаға және қоқысқа арналған контейнерлерге;

тіркеп сүйреу кемелері мен тіркеп сүйреу қызметтеріне;  
лоцманға өтінім береді.

7. Кемені басқа мекенжайға жіберу жағдайында капитан радиограммамен бастапқы межелі портқа бұрын берілген өтінімді жояды.

8. Кеме капитаны өзінің жақындау туралы ақпаратында кеменің барлық жүк құрылғыларының (механизмдерінің) ақаулықтары туралы хабарлайды.

9. Ақпарат болмау немесе кеме анықтамалған ақпаратты не уақытында ақпарат бермеу жағдайларында, соның салдарынан кемені өңдеу кідіріп қалғанда, оның бос тұрған уақыты кеме есебіне жатқызылады.

10. Аумақтық бөлімше кемені оның зәкірлік тұру, арқандап байлау орны және тиеу-түсіру немесе басқа жұмыстарды орындау тәсілі туралы кеменің портқа келуіне дейін 2 сағаттан кешіктірмей хабардар етеді.

## **§ 2. Кеменің келуін ресімдеу**

11. Кеменің портқа келуін Аумақтық бөлімше ол келген сәттен бастап 12 сағат ішінде ресімдейді. Кеменің келуі кеме капитаны кеме құжаттарын, кеме рөлін және жолаушылар тізімін беруі бойынша ресімделеді.

12. Егер рейсте Аумақтық бөлімше техникалық жай-күйін бақылауға жауап беретін құрылғылардың немесе тораптар мен механизмдердің қандай да бір сынулары болса, кеме капитаны портқа келуі бойынша бұл туралы Аумақтық бөлімшеге жазбаша хабарлайды.

13. Кемелер өз кемесінен немесе кез келген басқа кемеден кез келген зиянды заттардың тасталу жағдайлары туралы, сондай-ақ байқалған ластану туралы Аумақтық бөлімшеге және кіру портының кезекші диспетчеріне дереу хабарлайды.

14. Порт кемеде жиналып қалған ластанған сулардың және тұрмыстық қалдықтардың барлық түрлерін қабылдауды қамтамасыз етеді.

15. Қатты сепаратордан өткізілген мұнай өнімдерінің қалдықтары, майланған шүберек, қоқыс, ұсақ ыдыс, техникалық, тағам және басқа да тұрмыстық қалдықтар кемеден өтініш бойынша порт ұсынатын арнайы ыдыспен шығарылады.

16. Портта айлақ маңында тұрған кемеде салқындату суының құю шпигаттарын арнайы қалқандармен жабу, ал борт сыртына шығарылатын буды қосымша құбырлармен суға жіберу қажет. Қалқандар кеме айлаққа келгенге дейін орнатылады.

## **§ 3. Кеменің шығуын ресімдеу**

17. Кеменің рейске шығуын ресімдеуді Аумақтық бөлімше жүзеге асырады. Ресімдеу кеменің қанағаттанарлық техникалық жай-күйін растайтын уәкілетті орган берген кеме құжаттары болған кезде жүргізіледі.

18. Кеменің порттан шығуға дайындығын Аумақтық бөлімше және порттың санитарлық-карантиндік қызметі тексереді.

19. Аумақтық бөлімше мынадай жағдайларда:

1) кеменің жүзуге жарамсыздығы, оны тиеу, жабдықтау, экипажды жинақтау туралы талаптар бұзылғанда және жүзу қауіпсіздігіне немесе кемедегі адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін кемедегі басқа да кемшіліктер, сондай-ақ кеме құжаттарын ресімдеу талаптары бұзылған жағдайларда;

2) белгіленген алымдар мен айыппұлдар төленбегенде порттан шығуға рұқсатты беруден бас тартады.

20. Сондай-ақ кеме мен жүк Аумақтық бөлімшеде авария, құтқару туындаған, кемелер соқтығысқан немесе өзге де зиян келтірілген жағдайларда, сондай-ақ порттық құрылыстардың, порттағы өзге де мүліктің және навигациялық құралдар жағдайының бұзылуынан туындаған порттың талабы бойынша кеме иесінің немесе жүк иесінің жеткілікті қамтамасыз етуді ұсынуына дейін ұсталады.

21. Тексеру кезінде анықталған кемелерді порттан шығуға дайындаудағы барлық бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы Аумақтық бөлімше ескертулер журналына жазба жасайды және акт жасайды. Кеменің жүруін ресімдеу кезінде порт иесіне ескертулердің жойылғаны туралы белгілері бар актінің данасын көрсетеді.

22. Қазақстан Республикасы кемесінің капитаны өзен сағасында орналасқан порттан шығуды ресімдеу үшін Аумақтық бөлімшеге мыналарды ұсынады:

1) жалпы декларацияны немесе кету құқығына арналған өтінішті;

2) кеме рөлін;

3) экипаж мүшелерінің дипломдары мен біліктілік куәліктерін;

4) жолаушылар тізімін;

5) порттан шығуға арналған санитарлық-карантиндік қызметтің рұқсатын;

6) ауытқымаушылық есебін;

7) палубалық ауыр салмақты жүктерді қабылдау кезінде – олардың кемеде бекітілу есебі немесе кемедегі ауыр салмақты және ірі габаритті жүктерді бекітудің қолданыстағы техникалық шарттарының (қағидаларының) үлгі схемаларына сәйкес бекіту туралы актіні;

8) сусымалы жүктерді қабылдау кезінде – технологиялық режимдердің карталарын және тиеудің үлгі жоспарларын немесе жүктің дымқылдығы мен табиғи еңіс бұрышы көрсетілген жүкке арналған сертификатты;

9) конверсия кітабын;

10) шетел кемесінің капитаны кетуді ресімдеу кезінде Аумақтық бөлімшеге

Жалпы декларацияны және конвенциялық құжаттарды ұсынады.

23. Кемеде капитан басқаратын экипаж болған кезде тіркеп сүйретілетін кемең шығуы осы Қағиданың 24-тармағына сәйкес ресімделеді. Тіркеп сүйретілетін керуеннің шығуы тіркеп сүйрететін кеме капитаны ресімдейді.

24. Тіркеп сүйретілетін кемең шығуын ресімдеу кезінде Аумақтық б ө л і м ш е г е :

1) тіркеп сүйреу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық;

2 ) ө т у ж о с п а р ы ;

3) тіркеп сүйреу желісінің схемасы мен есебі ұсынылады.

25. Тіркеп сүйреуді ресімдеу кезінде тіркеп сүйреткіштің де және тіркеп сүйретілетін кемең де тіркеп сүйретуге рұқсат беретін жазбамен бірге кеме қатынасы жай-күйін тексеру актісі ұсынылады.

26. Егер кеме табиғи құбылыстарға байланысты немесе авариялық-құтқару операцияларына қатысу үшін Аумақтық бөлімшенің өкімі бойынша порттан шыққан кезде, шығуды ресімдеу талап етілмейді. Осындай кемең капитаны мүмкіндігінше Аумақтық бөлімшеге өзінің қолда бар құралдарымен шығатыны т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

27. Шығуға рұқсат 24 сағат ішінде күшінде болады.

28. Шектеулі жүзу ауданының кемелері шығуды порттан әрбір шығу кезінде Аумақтық бөлімшеден рұқсат алу шартымен санитарлық куәліктің қолданылу м е р з і м і н е р е с і м д е й д і .

29. Егер қандай да бір себеппен кеме портта белгіленген мерзімнен артық кідіріп қалса, кеме капитаны бұл туралы Аумақтық бөлімшеге хабарлайды және шығуды қ а й т а д а н р е с і м д е й д і .

30. Шығуды ресімдеуден кейін экипаж құрамы немесе кемең техникалық жай-күйі өзгерген жағдайда кеме капитаны бұл туралы Аумақтық бөлімшеге хабарлайды және шығуды қайтадан ресімдейді.

### **3. Порт акваториясы шегінде кемелердің жүзу тәртібі**

31. Порт акваториясы шегінде және оған кіреберісте жүзу кезінде белгіленген қозғалыс жолдарын ұстану, түбін тереңдету кемелерімен айырмашылық ерекшеліктерін ескеру және кемелердің, брандвахталардың және жүзу режимі туралы кемелерге хабарландыруды жүзеге асыратын жағалау посттарының айырмашылық с и г н а л д а р ы н білу керек.

32. Шетел кемесіне Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі саласындағы заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болған кезде Қазақстан Республикасының аумақтық суларына кіру және оларда жүзу мүмкіндігі беріледі.

33. Портқа кіретін кеме порттан шығатын кемеге жол береді.

П о р т қ а к і р е т і н к е м е :

1) жол беруге мүмкіндігінен шектеулі болғанда және ішкі су жолдарында жүзу қағидасына сәйкес оттар мен белгілерді алып жүргенде;

2) өзі шөгуінен қысылған және ішкі су жолдарында жүзу қағидасына сәйкес сигналдар алып жүрген жағдайлары ерекшелікті құрайды.

34. Қарсы бағыттардан тар орынға, бұрылысқа немесе бір қақпақтан екінші қақпаққа ауысқан орынға екі кеме жақындаған кезде осындай жерден екі кеме бір мезгілде өту мүмкін болмағанда немесе қауіпті болғанда, онда басқа кемеге жол беруге міндетті кеме, соңғысының қауіпсіз қашықтықта тұрып, оның бұрылуы аяқтауына мүмкіндік береді.

35. Тар жерлерде арнайы және түбін тереңдету жұмыстарымен айналысатын кемелерден алшақтау олардан еркін өту мүмкіндігі туралы растауды алғаннан кейін жүзеге асырылады.

36. Арнайы жұмыстармен айналысқан кемеге жақындаған кезде онымен ультрақысқа толқынды радиобайланыста оның жанынан өту мүмкіндігі туралы алдын ала уағдаласу не жылдамдықты алдын ала азайту және одан кемінде 5 кабельтер қашықтықта бір ұзақ сигнал беру қажет. Арнайы жұмыстармен айналысқан кеме осы сигнал бойынша жұмысын тоқтатады және ол көтерген оттарын (белгілерін) түсіреді. Оттарды (белгілерді) түсіру өтетін жолдың босағанын білдіреді.

37. Қауіпті толқын көбеюін болдырмау үшін капитан мынадай жағдайларда:

1) тіркеп сүйреу керуендері мен шағын көлемді кемелерден алшақтағанда;

2) жұмыс істеген крандарының, экскаваторларының, дебаркадерлерінің, айлақтардың, айлақта арқандап байлаудан босатылған мұнай құю кемелерінің жанынан өткенде;

3) зәкірде немесе қайраңда тұрған кемелерді айналып өткенде;

4) су асты, гидротехникалық және басқа да арнайы жұмыс орындалатын жерден өткенде;

5) түбін тереңдету кемелерін айналып өткенде;

6) айлақта, кеме бортында жұмыс істейтін адамдары бар салдар мен шлюпкалардың маңынан өткенде алдын ала кеме жылдамдығын азайтады.

38. Су асты қанаттары бар кемелерге көзбен шолып қарау 5 кабельт және одан төмен болғанда фарватерлер мен арналар бойынша тек су ығыстырғыштық жағдайларында қозғалуға рұқсат етіледі.

39. Арнада немесе фарватерде кемені зәкірге қою мынадай жағдайларды қоспағанда жүзеге асырылады:

1) одан әрі қозғалу анық қауіп төндіргенде;

2) техникалық бұзылу салдарынан кеме тоқтауға мәжбүр болса;

3) өту жолы басқа кемелерге жабық болса.

40. Фарватерде немесе арнада зәкірге тұруға (немесе айлақтық бағаналарға арқандап байлауға) мәжбүр болған кемеңің капитаны Уәкілетті органға бұл туралы қолда бар байланыс құралдарымен жедел хабарлайды.

Хабарламада кемеңің атауы, кемеңің зәкірге қойылған (арқандап байлау) уақыты, орны мен себептері, сондай-ақ тұру ауданында қозғалыстың қаншалықты дәрежеде қиындағаны туралы мәліметтер көрсетіледі.

41. Порт суларында кемелерді тіркеп сүйреуге басшылық етуді порт иесі жүзеге асырады.

42. Тіркеп сүйреу басталғанға дейін порт иесі тіркеп сүйреу операциясына қатысатын кемелер капитандарымен оны жүргізу тәртібін келіседі. Егер тіркеп сүйреу лоцмандық қамтамасыз етумен жүзеге асырылса, онда оны жүргізу тәртібін келісуге лоцман да қатысады. Барлық туындаған мәселелер мен келіспеушіліктерді порт капитаны шешеді.

43. Тіркеп сүйреу кемелері қозғалтқыштарының қуаты мен маневрлік сапасын, жүзу керуенінің сенімді басқарылуын қамтамасыз етпесе (жел мен ағысты ескергенде) тіркеп сүйреу жүргізілмейді.

44. Кемелер тез тұтанатын мұнай өнімдері құйылмалы жүктелген жағдайда лагпен тіркеп сүйреу жүргізілмейді, сондай-ақ бір тіркеп сүйрегiшпен бір уақытта мұнай өнімдері құйылмалы жүктелген бірнеше кемелер тіркеп сүйретілген болса, тіркеп сүйреу жүргізілмейді.

45. Зауыт акваториясынан жүріс сынағына келе жатқан кеме порт акваториясы арқылы тіркеп сүйретумен жүргізіледі.

46. Өздігінен жүзетін кемеңің оның бортынан арқандап байланған жүзу құралдарымен тіркеп сүйреу жүргізілмейді.

47. Тіркеп сүйрейтін кеме тіркеп сүйрейтін кемедегі жұмыстан тек тіркеп сүйреу басшылығының командасы бойынша босатылады.

48. Тіркеп сүйрететін кемеңің төңкеріліп кету қаупі бар тікелей төнген жағдайда ғана тіркеп сүйрейтін кемеден команда түспей-ақ тіркеп сүйреу арқаны тасталады.

## **4. Кемелердің портта тұруы**

### **§ 1. Кемелердің рейдте тұруы**

49. Кемелерді зәкірге қою немесе тұрақ орнын ауыстыру әрбір жағдайда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің рұқсатымен (нұсқауымен) орындалады.

50. Кемелер мен салдарда және өзге де жүзу объектілерінде навигациялық

белгі болып көрінуі мүмкін әртүрлі оттарды көтеруге рұқсат етілмейді.

51. Зәкірде тұрған кемеде тәуліктің қараңғы уақытында штаттық сыртқы жарықтандыру қосылады.

52. Артқы жағында зәкірмен (верптермен) бекітіліп, рейдте тұрған кеме тәуліктің қараңғы уақытында ақ от, ал күндіз кемеңің артқы жағында борт биіктігінің жарымына дейін зәкір шынжырының қасында төмен түсірілген қызыл жалау бекітіледі.

53. Тіркеп сүйреуі жоқ өздігінен жүрмейтін жүзу құралдарын зәкірде экипажсыз қалдыруға рұқсат етілмейді.

54. Кеме капитаны бөтен адамдарды бортқа қабылдағанда немесе кемеде байқағанда бұл туралы Аумақтық бөлімшеге хабарлайды және осы адамдарды ішкі істер органдарына тапсырады.

55. Катерлер мен шлюпкаларды суға түсіру Аумақтық бөлімшенің рұқсатымен ғана рұқсат етіледі. Осы талап суға батушыларға көмек көрсету және авариялық-құтқару жұмыстарын орындау үшін кемедегі жүзу құралдарын жедел пайдалану қажет болған жағдайларда қолданылмайды.

## **§ 2. Кемелерді арқандап байлауға айлақтарды дайындау және кемелерді арқандап байлау**

56. Айлақ иесі кемелердің кіруі мен шығуына айлақ дайындығын қамтамасыз етеді.

57. Айлақты дайындау кезінде:

1) кіретін кемеңің арқандап байлау үшін айлақтың жеткілікті бос ұзындығы қамтамасыз етіледі;

2) қалыпты арқандап байлауға (арқаннан босатуға) кедергі болатын жүктер мен басқа заттардан айлақ кордоны босатылады;

3) арқандау (арқаннан босату) бойынша жұмыстар жүргізілетін айлақтың кордон маңының бөлігі мұз бен қардан тазартылады және барлық ұзындығы бойы құм шашылады;

4) арқандап байлау айлағында барлық көлік түрлерінің жұмыстары мен қозғалысы тоқтатылады;

5) тәуліктің қараңғы уақытында айлақтың толық жарықтандыру жүйесі қосылады. Кемеңің арқандап байланатын орны (форштевень тұрған жері) айлақ иесінің өкілі былай көрсетеді: күндіз - қызыл жалаумен, түнде - қызыл от жарығымен.

58. Кеме капитаны арқандап байлауға дейін Аумақтық бөлімшеден немесе лоцманнан айлақтың жай-күйі, бос кіреберіс мөлшері туралы, айлаққа кіреберістегі және оның бойындағы тереңдік туралы ақпарат алады.



59. Кемені айлаққа арқандап байлау үшін айлақ иесі олардың саны кеменің жалпы сыйымдылығына байланысты болатын арқандап байлаушыларды бөледі.

60. Кемені айлақта тұрған кеме бортына арқандап байлау кезінде соңғы кеме өз экипажының күшімен өз бортының кранцты қорғалуын қамтамасыз етеді және кемеге лақтырылатын арқан ұштарын қағып алады. Жағада арқан ұштарын қағып алуды айлақ иесі қамтамасыз етеді.

61. Шағын көлемді кеме айлаққа Аумақтық бөлімшенің рұқсатымен ғана арқандап байланады.

### **§ 3. Кемелердің айлақта тұруы**

62. Кемелерді айлақ жанында орналастыруды Аумақтық бөлімше жүзеге асырады. Кемелер арасындағы қашықтық кемінде 10 метр болуы тиіс.

63. Айлақ жанында борты бортқа тіреліп (лагымен) тұратын кемелердің жеткілікті санын әрбір нақты жағдайда Аумақтық бөлімше белгілейді.

64. Бірінің бортында қауіпті жүктер бар, бір-біріне лагымен арқандап байланған екі кеменің тұруына рұқсат етілмейді.

65. Айлақ жанында арқанға байланған кеменің капитаны су бетінің, айлақ пен су түбінің ластануын болдырмау, сондай-ақ траптар ауданындағы жерлерді қармен кірден тұрақта тазалауды ұйымдастыру үшін шаралар қабылдайды.

66. Айлаққа кемеден берілетін түскіштер мен басқыштар тұтқалармен немесе қоршаулармен жабдықталады. Түскіш ауданында ұзындығы кемінде 30 метр болатын құтқару шеңбері болуы міндетті. Басқыштар мен түскіштер алаңында адамдардың суға құлауын болдырмайтын қорғағыш тор тартылады. Тәуліктің қараңғы уақытында басқыштар (түскіштер) жарықтандырылады.

67. Кеме жөндеу кәсіпорнының иесі жөнделетін кемелердің және өзге де жүзу объектілерінің қауіпсіз тұруын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

68. Айлақта тұрған кемеді тәуліктің қараңғы уақытында сыртқы жарықтандыру қосылады, ал багі мен артында кеменің шеттерін білдіретін оттар қ о й ы л а д ы .

69. Сұйық отыны бар танкер немесе бункерлеуші, егер оның жүк танкері жүк қалдығы мен газдан тазаланбаса, жоғарыда аталған оттардан басқа, неғұрлым көрінетін жерде Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында жүзу қағидасына сәйкес бүкіл көкжиек бойынша көрінетін бір қызыл отты көтереді.

70. Айлақта тұрған кемеді оның мөлшері мен тиесілігіне қарамастан басқыш алдында вахта қойылады. Вахталық қызмет Аумақтық бөлімше телефондарының нөмірлерімен қамтамасыз етіледі.

71. Бас қозғалтқыштардың, руль, зәкір және арқанды қондырғылардың істен шығуына байланысты кеме жұмыстары, сондай-ақ борт сыртында шлюпкада

немесе басқа жүзу құралдарындағы жұмыстар тек Аумақтық бөлімшесінің жазбаша рұқсатымен орындалады.

72. Авариялық кемеге қасында тұрған немесе оның жанынан өтетін кемелер адамдарды, кемені, жүк және басқа мүліктерді құтқару бойынша көмек көрсету шараларын қабылдайды.

73. Тұрақты экипаж ұстауға жабдықталмаған шағын көлемді кемелердің иелері өз кемелерінің тәулік бойы күзетілуін және олардың тұрақтарын қадағалауды қамтамасыз етеді.

74. Жүк операциялары кезінде кеменің қисаюы 50 градустан аспайды.

Әрбір қайта тиеу механизмдері үшін жел жылдамдығы паспорт деректерінен артық болған кезде жүк жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

#### **§ 4. Тұрақ орнын ауыстыру**

75. Кезекші диспетчер кеменің тұрақ орнынан алдағы ауысуы туралы кеме капитанына жұмыс уақытында 2 сағат бұрын кешіктірмей хабарлайды.

76. Егер кемені қайта арқандап байлау, тарту және орнын ауыстыру алдағы тәуліктің сағат 17.00-ден бастап 8.00-ге дейін жоспарланса, онда порт иесі бұл туралы капитанға 15 сағат бұрын хабарлайды.

77. Егер тұрақ орнын ауыстыратын кеме айлақта тұрған басқа кеменің бортына лагпен қойылса, онда соңғы кемеге бұл туралы қайта ауыстыру басталғанға дейін кемінде 1 сағат бұрын ескертіледі.

78. Кемені бір айлақтан басқасына ауыстыру немесе оны айлақтан рейдке апару тек кемеді капитан немесе аға көмекші болған кезде ғана рұқсат етіледі.

79. Кемені алдағы айлақтың ұзына бойы тартқан жағдайда оған басқа кемеден әкелінген арқандар, бұл жөнінде басқа кеме капитанының вахта көмекшісіне хабарланғаннан кейін ғана беріледі. Егер арқандарды беру кезінде олар басқа кеме арқандарымен қыстырылып қалса, басқа кеменің вахта қызметі өзінің арқан бауларын беру кезінде босатады.

#### **§ 5. Дауыл кезіндегі іс-қимылдар**

80. Аумақтық бөлімше ауа райының тез бұзылатыны туралы деректер алғаннан бастап порт айлақтарында тұрған барлық кемелердің капитандарына дереу хабарлайды.

81. Кеме капитаны дауыл туралы ескерту алған кезде немесе ауа райы нашарлауының анық белгілері болған кезде кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

82. Аумақтық бөлімше дауыл туралы ескерту алғаннан бастап порттың диспетчерлік қызметіне дауыл кезінде порттан шығуы тиіс кемелердің тізімін,

сондай-ақ портта қалатын кемелердің қолайлы жабық жерлерде орналасуын ескере отырып, тұруға жылжуын хабарлайды. Сонымен бірге кеме капитандарына портта қалған кемелер мен жүзу құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қажетті іс-шаралар жүргізу туралы нұсқаулар береді.

83. Кез келген техникалық жарамды кеме Аумақтық бөлімшенің талабы бойынша дауыл кезінде порттан шығады.

## **§ 6. Портта қыстау және қазықта тұру**

84. Кемелердің меншік иелері немесе кеме иесінің немесе кеме капитанының өтінімі бойынша кеме менің қысқы тұрағының, жөндеуде тұру немесе қазықта тұру мүмкіндігі туралы шешімді әрбір жағдайда порт иесі қабылдайды, онда әрбір кеме бойынша мыналар көрсетіледі:

- 1) үлгісі, атауы, тіркеу нөмірі, ұзындығы, ені және шөгуі;
- 2) тіркелген порты;
- 3) портта қалаған тұрақ орны;
- 4) капитанның немесе өзге де жауапты адамның тегі;
- 5) кемеде қыстап қалатын экипаж мүшелерінің немесе кемеде тұратын күзетшінің тегі;
- 6) команданың вахта қызметін жүргізу тәртібі және кезекшілік кестесі;
- 7) кеме менің меншік иесінің немесе кеме иесінің және кеме капитанының мекенжайлары;
- 8) кемелерді орналастыру сызбасы.

85. Бірнеше кемелер қыстаған кезде кеме менің меншік иесі немесе кеме иесі керуен қалыптастырады, керуендегі барлық кемелердің тұру қауіпсіздігіне жауапты керуен капитанын тағайындайды.

86. Кеме капитаны қыстау портынан шыққан жағдайда Аумақтық бөлімшені ол болмаған кезде кемеге және экипажға жауапты адам туралы хабардар етеді.

87. Қыстауға қойылған кемелерде кеме иесі әзірлеп, бекіткен және Аумақтық бөлімшемен келісілген кеме менің тұрақта тұрған кезеңінде кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары болады.

88. Құйылма кемелерін тұраққа қою алдында танкілері мен сорғы бөлімшелерін толық тазалау және газсыздандыру орындалады.

89. Қыстайтын кемеде сұйық отын қоры тек Аумақтық бөлімшенің рұқсатымен ғана қалдырылады.

90. Тұру кезінде кемелер Аумақтық бөлімшемен байланыспен қамтамасыз етіледі.

